

Таңбалы тас. Киікті теміржол станциясынан оңтүстік ба-
тысқа қарай 60 км шамасында жатқан ұзындығы 150 м жуық
үш бөлек жартаc. Жартастардың бетінде екі жүзден асатын
сурет, таңбалар бар. Суреттер қашап салынған қола дәуірден
бері келе жатқан мұралар. Көпшілігінің көріну бейнесі уақыт
әсерінен көмескі тартқан. Осы таңбалы тастағы сурет - тасқа
қашап салынған үлкен полотно. Ежелгі заманның суретшісінің
шеберлігі еріксіз таң қалдырды. Арқаның осы өңірін сол кезде
мекендеген барлық аңдардың дерлік суреті бар. Кейбір аңдар
сол кезде болса да тап бүгінгі дәуірде кездеспейді. Суретші
сол замандағы өзі көрген байлықты ұрпаққа жеткізгісі келген-
дей. Міне, осы аңдарды қолдарына сойыл, шоқпар ұстаған
жалаңаш - жалпы адамдар қоршап тұр. Ежелгі заманның басы
қиялға толы философ суретшісі өз шеберлігін осылай танытып
тасқа жазып, тастап кеткен екен.

